

**Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округінің
Зеленый Гай ауылының аумағында ветеринариялық режимнің енгізілуіне
байланысты шектеу іс-шараларды белгілеу туралы**

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 20 шілдеде № 3832 болып тіркелді. Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округ әкімінің 2017 жылғы 31 тамыздағы № 5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округ әкімінің 31.08.2017 № 5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес және Тайынша ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық инспектордың 2016 жылғы 10 маусымдағы № 14-29-139 ұсынысы негізінде Зеленогай ауылдық округінің әкімі

Ш Е Ш Т І :

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округінің Зеленогай ауылы "Тайынша Астық" ЖШС-нің аумағында орналасқан Абердин Ангус тұқымының ІҚМ табынға ірі қара малдың бруцеллезі жөнінде шектеу іс-шаралардың ветеринарлық тәртібі белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округі әкімінің 02.09.2016 № 9 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Шектеудің енгізілуімен ветеринариялық режим ошақты жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешенін өткізу уақытына белгіленеді.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 10 маусымынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

